

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне ведомстволық бағыныстағы жекелеген ұйымдардың мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 29 желтоқсан N 1431

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Орталық ветеринариялық зертхана" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Республикалық ветеринариялық зертхана" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны болып қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Республикалық ветеринариялық зертхана" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны қызметінің негізгі мәні:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбеге енгізілген жануарлардың аса қауіпті ауруларының диагностикасы;

2) ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспалары тіркеу сынағынан, байқап тексеруден өткізу, сондай-ақ шағым болған кезде ветеринариялық препараттардың серияларын (партияларын) бақылау болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Ветдез" республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Республикалық эпизоотияға қарсы отряд" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны болып қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

4. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Республикалық эпизоотияға қарсы отряд" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны қызметінің негізгі мәні:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбеге енгізілген жануарлардың аса қауіпті жұқпалы ауруларының ошақтарын жою;

2) мемлекеттік шекарадағы ветеринариялық бақылау бекеттерінде көлік құралдарын дезинфекциялау;

3) ветеринариялық препараттардың республикалық қорын сақтау болып белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Республикалық ветеринариялық зертхана" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Ауыл

шаруашылығы министрлігінің "Ветеринариядағы мониторинг, референция, зертханалық диагностика және әдіснама ұлттық орталығы" мемлекеттік мекемесі болып қайта аталсын.

6. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Ветеринариядағы мониторинг, референция, зертханалық диагностика және әдіснама ұлттық орталығы" мемлекеттік мекемесі қызметінің негізгі мәні:

1) ветеринарияда пайдаланылатын депонитті Микроорганизмдер штамдарының ұлттық коллекциясын енгізумен бірге, жануарлар ауруларының диагностикасы жөніндегі референттік және әдіснамалық функциялар;

2) Қазақстан Республикасындағы жабайы жануарлар ауруларының эпизоотиялық мониторингі болып белгіленсін.

7. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің аумақтық органдарын штат санының бекітілген лимиті мен оларды ұстауға көзделген қаражат шегінде шекарадағы және көліктегі мемлекеттік ветеринариялық қадағалау аймақтық бөлімшелері болып табылатын ветеринариялық бақылау бекеттері бар Астана қаласына көшіре отырып, Солтүстік-Батыс аймақтық шекарадағы және көліктегі мемлекеттік ветеринариялық қадағалау басқармасы және Алматы қаласында Оңтүстік-Шығыс аймақтық шекарадағы және көліктегі мемлекеттік ветеринариялық қадағалау басқармасы - мемлекеттік мекемелері құрылсын.

8. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

9. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) бір ай мерзімде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне қайта ұйымдастырылатын кәсіпорындардың жарғыларын бекітуге енгізсін;

2) мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) осы қаулыны іске асыру жөнінде өзге де шаралар қабылдасын.

10. Осы қаулы 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енетін 5, 6-тармақтар мен 8-тармақтың 2) тармақшасын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі